

Анықтама

13.10 күні мектеп кітапханасында 8 сынып оқушыларының қатысуымен «Шоқтығы биік Шоқан» кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде мектеп кітапхана қорында сақталған Шоқан Уәлихановтың қолжазбаларының фотокөшірмелері сондай-ақ, ол туралы жазылған кітаптар мен басылымдар насихатталды.

Шоқан Уәлихановтың қысқа да саналы ғұмырында елі, халқы үшін істеген игі істерін мақтан ету, үлгі ету мақсатында артына қалдырған сан қырлы ғылыми еңбектері туралы кеңінен мағлұматтар беріп, өмір жолдары мен еңбектеріне тоқталып өтті. Сонымен қатар оқушыларға кітап көрмесіндегі Ш.Уәлихановтың еңбектері топтасқан кітап жинақтарымен таныстырып, оқуға ұсынды.

